ЖАУАПКЕРШІЛІГІ
ШЕКТЕУЛІ
СЕРІКТЕСТІК

СК-ФАРМАЦИЯ

ТОВАРИЩЕСТВО
С ОГРАНИЧЕННОЙ
ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ

«СК-ФАРМАЦИЯ»ЖШС • ТОО «СК-ФАРМАЦИЯ» • "SK-PHARMACEUTICALS" LLP • «СК-ФАРМАЦИЯ» ЖШС • ТОО «СК-ФАРМАЦИЯ» • "SK-PHARMACEUTICALS" LLP

**БҰЙРЫҚ** **ПРИКАЗ**

Астана қ-сы г. Астана

№ 11-11/106 "11" 04 2018 ж.

**Об утверждении**
**антикоррупционного стандарта**
**ТОО «СК-Фармация»**

В соответствии с пунктом 2 статьи 10 Закона РК от 18 ноября 2015 года «О противодействии коррупции» **ПРИКАЗЫВАЮ**:

4. Утвердить прилагаемый антикоррупционный стандарт ТОО «СК-Фармация».

5. Управлению информатизации обеспечить размещение настоящего приказа на интернет-ресурсе ТОО «СК-Фармация» в течение трех рабочих дней со дня вступления его в силу.

6. Настоящий приказ вступает в силу со дня его подписания.

**И.о. председателя Правления** **Ш. Исмуханова**

Утверждено приказом
и.о. председателя Правления
от «11» апреля 2018 года
№ 11-1/106

# Антикоррупционный стандарт ТОО «СК-Фармация»

## Глава 1. Общие положения

1. Настоящий антикоррупционный стандарт ТОО «СК-Фармация», (далее - Антикоррупционный стандарт) разработан в соответствии с пунктом 2 статьи 10 Закона РК от 18 ноября 2015 года «О противодействии коррупции», Методическими рекомендациями по разработке антикоррупционных стандартов, утвержденными Агентством по делам государственной службы РК и противодействия коррупции, Антикоррупционной политики ТОО «СК-Фармация», утвержденной Наблюдательным советом ТОО «СК-Фармация» от 10 октября 2016 г. (протокол № 48).

2. Антикоррупционный стандарт распространяется на работников ТОО «СК-Фармация», осуществляющей деятельность в рамках гарантированного объема бесплатной медицинской помощи и в системе обязательного социального медицинского страхования, в соответствии со статьей 77 Кодекса РК «О здоровье народа и системе здравоохранения», и носит рекомендательный характер.

3. Разработчиком антикоррупционного стандарта является Отдел правового обеспечения ТОО «СК-Фармация».

4. Целью Антикоррупционного стандарта является установление рекомендаций, направленных на предупреждение коррупции в сфере закупа единым дистрибьютором в рамках гарантированного объема бесплатной медицинской помощи и в системе обязательного социального медицинского страхования.

5. Задачей Антикоррупционного стандарта является формирование устойчивого антикоррупционного поведения у лиц, работающих в ТОО «СК-Фармация».

## Глава 2. Правила поведения лиц, работающих в ТОО «СК-Фармация»

6. При реализации прав и законных интересов физических и юридических лиц в сфере, затрагиваемой антикоррупционным стандартом, работники ТОО «СК-Фармация»:

1) не используют служебное положение при решении вопросов личного характера;

2) не допускают конфликта интересов, при их возникновении принять меры по их устранению в соответствии с законодательством;

3) при осуществлении своих служебных полномочий не принимают никаких материальных благ, услуг и иных привилегий, связанных с выполнением своих обязанностей;

4) осуществляют деятельность в пределах компетенции.

7. При подготовке и принятии управленческих и иных решений в рамках своей компетенции работники ТОО «СК-Фармация»:

1) письменно уведомляют непосредственного руководителя либо руководство организации в случае возникновения личной заинтересованности при исполнении служебных обязанностей, конфликта интересов или о возможности его возникновения, как только ему станет об этом известно;

2) не склоняют и не поощряют других лиц к совершению коррупционных правонарушений;

3) незамедлительно докладывают руководителю организации о ставших им известными фактах коррупции;

4) незамедлительно в письменной форме сообщают непосредственному руководителю либо руководству организации о сомнениях в правомерности полученного для исполнения распоряжения;

5) воздерживаются от обращения к коллегам и руководителям с неправомерными просьбами, нарушающими установленный порядок взаимоотношений, которые могут оказать влияние на принятие ими беспристрастного служебного решения.

8. При иных взаимоотношениях, возникающих в зависимости от специфики сферы жизнедеятельности работники ТОО «СК-Фармация»:

1) не допускают случаев подбора и расстановки кадров по признакам родства, землячества и личной преданности, обеспечивают соблюдение принципов меритократии;

2) конкретно и четко определяют задачи и объем служебных полномочий подчиненных должностных лиц;

3) не допускают неравномерного распределения трудовой нагрузки между должностными лицами, находящимися в подчинении;

4) проявляют справедливость и объективность при оценке результатов их деятельности, а также применении мер поощрения и взысканий;

5) не отдают явно невыполнимых распоряжений или выходящих за рамки их должностных обязанностей, а также противоречащих законодательству;

6) не используют служебное положение для оказания влияния на деятельность подчиненных при решении вопросов внеслужебного характера;

7) не допускают и пресекают факты нарушения норм антикоррупционного законодательства со стороны подчиненных и других должностных лиц;

8) своевременно принимают исчерпывающие меры по урегулированию конфликта интересов, возникшего у коллег в ходе выполнения ими своих должностных обязанностей;

9) принимают исчерпывающие меры по предупреждению коррупции;

10) устраняют причины и условия, способствующие совершению коррупционных правонарушений, в том числе с подчиненными;

11) не допускают привлечения, в том числе подчиненных для выполнения неслужебных или личных заданий.

## Глава 3. Иные ограничения и запреты

9. Работники ТОО «СК-Фармация» не участвуют в азартных играх денежного или иного имущественного характера с вышестоящим либо нижестоящим, либо находящимся с ним в иной зависимости по службе или работе должностным лицом.

## Глава 4. Ответственность и контроль за соблюдением Антикоррупционного стандарта

10. За нарушение законодательства о противодействии коррупции работники привлекаются к ответственности, установленной законодательством Республики Казахстан.

11. В случае несоблюдения настоящего Антикоррупционного стандарта работники ТОО «СК-Фармация» несут персональную ответственность, мера наказания которого предусматривает дисциплинарную ответственность.

ЖАУАПКЕРШІЛІГІ
ШЕКТЕУЛІ
СЕРІКТЕСТІК

СҚ-ФАРМАЦИЯ

ТОВАРИЩЕСТВО
С ОГРАНИЧЕННОЙ
ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ

«СҚ-ФАРМАЦИЯ»ЖШС • ТОО «СК-ФАРМАЦИЯ» • "SK-PHARMACEUTICALS" LLP • «СҚ-ФАРМАЦИЯ» ЖШС • ТОО «СК-ФАРМАЦИЯ» • "SK-PHARMACEUTICALS" LLP

**БҰЙРЫҚ** **ПРИКАЗ**

Астана қ-сы г. Астана

№ 11-1/106 "11" 04 2018 ж.

**«СҚ-Фармация» ЖШС**
**сыбайлас жемқорлыққа қарсы**
**стандартын бекіту туралы**

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» ҚР 2015 жылғы 18 қарашадағы Заңының 10-бабының 2-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН**:

1. Қоса беріліп отырған «СҚ-Фармация» ЖШС сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты бекітілсін.

2. Ақпараттандыру басқармасы осы бұйрық күшіне енген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде «СҚ-Фармация» ЖШС интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

**Басқарма төрағасының м.а.** **Ш. Исмуханова**

002335

Басқарма төрағасының м.а.
2018 жылғы «11» сәуірдегі
№11-1/106 бұйрығымен бекітілді

# «СҚ-Фармация» ЖШС Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты

## 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы «СҚ-Фармация» ЖШС сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты (бұдан әрі – Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт) «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 карашадағы ҚР Заңының 10-бабының 2-тармағына, ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі бекіткен Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды әзірлеу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарға, «СҚ-Фармация» ЖШС Байқау кеңесімен бекітілген 2016 жылғы 10 қазандағы (№48 хаттама) «СҚ-Фармация» ЖШС Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатына сәйкес әзірленді.

2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» ҚР Кодексінің 77-бабына сәйкес, тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіндегі қызметті жүзеге асыратын «СҚ-Фармация» ЖШС қызметкерлеріне қолданылады және ұсынымдық сипатқа ие.

3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты әзірлеуші «СҚ-Фармация» ЖШС Құқықтық қамтамасыз ету бөлімі болып табылады.

4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың мақсаты тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде бірыңғай дистрибьютормен сатып алу саласындағы сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған ұсынымдарды айқындау болып табылады.

5. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың міндеті «СҚ-Фармация» ЖШС-да жұмыс істейтін тұлғалардың орнықты сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлқын қалыптастыру болып табылады.

## 2-тарау. «СҚ-Фармация» ЖШС-да жұмыс істейтін тұлғалардың мінез-құлық қағидалары

6. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартпен қозғалатын салада жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыру кезінде «СҚ-Фармация» ЖШС қызметкерлері:

1) жеке бас мәселелерін шешу кезінде қызмет дәрежесін пайдаланбайды;

2) мүдделер қақтығысына жол бермейді, олар туындаған жағдайда заңнамаға сәйкес оларды жою бойынша шаралар қабылдайды;

3) өз қызметтік өкілеттіктерін жүзеге асыру кезінде ешқандай материалдық игіліктерді, қызметтерді және өз міндеттерін орындаумен байланысты өзге де артықшылықтарды қабылдамайды;

4) өз құзыреті шегіндегі қызметті жүзеге асырады.

7. Басқарушылық шешімдерді даярлауда және қабылдауда «СҚ-Фармация» ЖШС қызметкерлері өз құзыреті шеңберінде:

1) қызметтік міндеттерін орындау кезінде жеке бас қызығушылығы, мүдделер қақтығысы туындаған жағдайда немесе оның туындауы мүмкіндігі туралы өзіне бұл туралы мәлім бола салысымен тікелей басшысына не ұйымның басшылығына жазбаша түрде хабарлайды;

2) басқа тұлғаларды сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын жасауға итермейді және ынталандырмайды;

3) өзіне мәлім болған сыбайлас жемқорлық фактілері туралы дереу ұйымның басшысына баяндайды;

4) орындауға алынған өкімнің заңдылығына күмәні туралы тікелей басшысына не ұйымның басшылығына дереу жазбаша түрде хабарлайды;

5) әріптестеріне және басшыларына олардың әділ қызметтік шешім қабылдауына ықпал етуі мүмкін, қалыптасқан өзара қарым-қатынас тәртібін бұзатын, заңға қайшы өтініштер жасаудан тартынады.

8. Тіршілік саласының ерекшелігіне қарай туындайтын өзге де өзара қарым-қатынастар кезінде «СҚ-Фармация» ЖШС қызметкерлері:

1) кадрларды туыстық, жерлестік және жеке басының адалдығы белгілері бойынша іріктеу және орналастыру жағдайларына жол бермейді, меритократия қағидаттарының сақталуын қамтамасыз етеді;

2) қол астындағы лауазымды тұлғалардың міндеттері мен қызметтік өкілеттіктерінің көлемін нақты және дәл айқындайды;

3) қол астындағы лауазымды тұлғалар арасында еңбек жүктемесін әркелкі бөлуге жол бермейді;

4) олардың қызметінің нәтижелерін бағалау, сондай-ақ ынталандыру және жазалау шараларын қолдану кезінде әділдік пен туралық көрсетеді;

5) орындалмайтыны айқын немесе олардың лауазымдық міндеттерінің шегінен тыс, сондай-ақ заңнамаға қайшы өкімдер бермейді;

6) қызметтен тыс сипаттағы мәселелерді шешу кезінде қол астындағылардың қызметіне ықпал ету үшін қызмет дәрежесін пайдаланбайды;

7) қол астындағылар және басқа да лауазымды тұлғалар тарапынан сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың нормаларын бұзуға жол бермейді және жолын кеседі;

8) әріптестерінде олардың өз лауазымдық міндеттерін орындауы барысында туындаған мүдделер қақтығысын реттеу бойынша түбегейлі шараларды уақытылы қабылдайды;

9) сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша түбегейлі шаралар қабылдайды;

10) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын, оның ішінде қол астындағылармен жасауға ықпал ететін себептер мен шарттарды жояды;

11) қызметтік емес немесе жеке тапсырмаларын орындау үшін, оның ішінде қол астындағыларды тартуға жол бермейді.

## 3-тарау. Өзге де шектеулер мен тыйымдар

9. «СҚ-Фармация» ЖШС қызметкерлері жоғары тұрған не төмен тұрған, не онымен қызметі немесе жұмысы бойынша өзге де бағыныстылықтағы лауазымды тұлғамен ақшалай немесе өзге де мүліктік сипаттағы құмар ойындарына қатыспайды.

## 4-тарау. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың сақталуына жауапкершілік және бақылау жасау

10. сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнаманы бұзғаны үшін қызметкерлер Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жауапкершілікке тартылады.

11. Осы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты сақтамаған жағдайда «СҚ-Фармация» ЖШС қызметкерлері жеке жауапкершілік алады, оның жазалау шарасы тәртіптік жауапкершілікті көздейді.